

Мақала туралы мәлімет / Содержание

«ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых «МОЛОДЕЖЬ И НАУКА: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»

The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «YOUTH AND SCIENCE: PRESENT AND FUTURE»

Жинақ	IV, Атырау, 8/04/2026, 2026 ж.
ISBN	978-601-262-638-4
Секция	СЕКЦИЯ IV. ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ / ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ Секция IV.II. Цифрлық технологиялар жағдайындағы құқықтық жүйені дамыту және құқық қолдану тәжірибесі / Развитие правовой системы и практика правоприменения в условиях цифровых технологий
Жинақтағы рет нөмірі	№ 047
Мазмұндағы беті	224
Жарияланған беттері	224-226
Автор(лар)	Аманбайұлы Бақдаулет
Мақала атауы	ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫН АЛАЯҚТЫҚТАН АЖЫРАТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
Мазмұндағы жазылуы	Аманбайұлы Б., Шаяхметова Ж.Б. ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫН АЛАЯҚТЫҚТАН АЖЫРАТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ескерту: бет нөмірлері жинақтың соңындағы «МАЗМҰНЫ» бөліміндегі жарияланған беттерге сәйкес берілді.

«ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫН АЛАЯҚТЫҚТАН АЖЫРАТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**Аманбайұлы Бақдаулет**zheka1231113@gmail.com

«Құқықтану» білім бағдарламасының 2-курс магистранты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшісі, з.ғ.к., қауымдастырылған профессор Шаяхметова Ж.Б.

Соңғы жылдары цифрлық технологиялар мен әлеуметтік желілердің кеңінен қолданылуы қаржы пирамидаларының жаңа, күрделі түрлерінің пайда болуына әкелді. Олар өзін инвестициялық жоба, криптовалюта платформасы, маркетингтік желі немесе қайымдылық қоры ретінде жасырып, азаматтардың сенімін алдайды. Бұл құқық органдары үшін оларды дер кезінде анықтап, нақты қылмыстық-құқықтық біліктілік беру мәселесін қиындатуда.

Қазақстан Республикасы заңнамасында «қаржы пирамидасы» ұғымы бар болғанымен, оның белгілері, құрылымдық элементтері және өзге экономикалық қылмыстардан айырмашылықтары жеткілікті түрде нақты айқындалмаған. Осы себепті қылмыс құрамына дәл анықтау күрделі мәселе болып отыр.

Қаржы пирамидалары көбіне экономикалық қылмыс ретінде қарастырылмағанымен, олардың нақты біліктілік мәселелері, қылмыс құрамының элементтері, шектес құрамдармен арақатынасы арнайы, кешенді түрде аз зерттелген. Бұл зерттеу құқық қорғау органдарының қызметін жетілдіруге және қаржы алаяқтығымен күрес тетіктерін күшейтуге мүмкіндік береді.

Қазіргі жаһандану және цифрландыру дәуірінде экономикалық қатынастардың күрделенуі мен қарқынды дамуы экономикалық қылмыстардың жаңа түрлерінің пайда болуына алып келіп отыр. Қаржы алаяқтығы, көлеңкелі экономика, салықтан жалтару, жалған кәсіпкерлік, заңсыз ақша айналымы, трансұлттық экономикалық қылмыстар мемлекеттердің экономикалық қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіріп отыр. Осы үдерістер экономикалық қылмыстармен күресте тек қылмыстық - құқықтық шаралармен шектелу жеткіліксіз екенін көрсетеді.

Экономикалық қылмыстардың алдын-алудың тиімді тетігі – экономикалық қатынастарды жүйелі, нақты және заманауи нормативтік-құқықтық реттеу болып табылады. Дәл осы құқықтық реттеу экономикалық субъектілердің заңды ірекет шегін айқындай отырып, құқық бұзушылықтың алдын-алуға мүмкіндік береді. Сондықтан экономикалық қылмыстардың пайда болу себептерін тек қылмыстық-құқықтық олқылықтар тұрғысынан талдау аса маңызды.

Қаржы пирамидасын классикалық алаяқтықтан (алаяқтық) ажырату қылмыстық – біліктілік үшін аса маңызды. Дұрыс сараламау тергеу бағытына, дәлелдеу нәніне және жаза тағайындауға тікелей әсер етеді.

Қаржы пирамидасы – табыс нақты экономикалық қызметтен емес, жаңа қатысушылардың жарналары есебінен төленетін жүйе.

Алаяқтықта қылмыс бір немесе бірнеше жәбірленушіге қатысты дербес эпизодтармен жүзеге асады, ал қаржы пирамидасында жүйелі, көпсубъектілі құрылым басым.

Кесте 1 - Ажыратудың негізгі критерийлері

Критерийлері	Қаржы пирамидасы	Алаяқтық
Мақсат	Жүйелі түрде жаңа қатысушылар тарту	Белгілі бір тұлғаның мүлкін иелену
Табыс көзі	Жаңа салымшылар қаражаты	Жәбірленушінің мүлкі
Құрылым	Иерархиялық/желілік жүйе	Жеке эпизодтық әрекет
Уәде сипаты	Инвестициялық, «жоғары табыс»	Кез-келген жалған мәлімет
Қылмыстық құрам	Арнайы құрам	Жалпы құрам (алаяқтық)

Қаржы пирамидасы – жүйелілік, ұйымдасқан, көпсатылы инвестициялық модель арқылы жасалатын арнайы экономикалық қылмыс, ал алаяқтық – жәбірленушіні алдау арқылы мүлікті иеленудің жалпы нысаны.

Оларды ажыратуда табыс көзінің сипаты, ұйымдасқан құрылымның болуы және қылмыстың экономикалық моделі негізгі критерийлер болып табылады.

2026 жылдың 28 қаңтарындағы Қаржылық мониторинг агенттігінде өткен жиында Президент Қ.Тоқаев – Еліміз Financial Action Task Force ұйымының тексерісінен сәтті өтті. Қазақстан 2023 жылдан бері «Эгмонт» тобының қаржылық барлау бірлестігінде Еуразия аймағының мүддесін қорғайды. 20 ірі криптобиржамен сындарлы серіктестік орнатылды. Елімізде блокчейн талдаумен айналысатын «Криптон» арнайы құрылымдық бөлімшесі ашылды. Бұл – Орталық Азия елдерінде құрылған осындай алғашқы бөлімше. Былтыр қаржыны қолма-қол ақшаға айналдыратын 200-ге жуық жалған компания әшкереленді. Олардың заңсыз айналымдағы қаражаты 500 миллиард теңгеден асады. Сексеннен астам қылмыстық топ құрықталды. 100-ден астам қаржы пирамидасы жойылды. Мұның бәрі еліміздің экономикалық қауіпсіздігін нығайта түсетіні сөзсіз, - деді Президент.

Қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл бүкіл әлемдегі мемлекеттік органдар мен қаржы институттарының басым міндеттерінің бірі болып табылады. Қаржы ағындарын бақылауды күшейтуге бағытталған көптеген әрекеттерге қарамастан, пирамидалар салымшыларды тартуды және экономикалар мен инвесторларға зиян келтіруді жалғастыруда.

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат Тұжырымдамасының 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 4.10-тармағына сәйкес қазіргі заманғы қылмыстық-құқықтық саясат жеке тұлғаның, оның құқықтары мен бостандықтарының, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің қылмыстық қатерлерден қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Көптеген жылдар бойы Қазақстан Республикасының азаматтары өздерінің ақшалай жинақтарын мерзімді немесе банктердің екінші деңгейдегі депозиттерінде талап етілгенге дейін сақтауды жөн көрді. Алайда, 1992-1995 жылдары болған экономикалық дағдарыстардың нәтижесінде халық мемлекеттік институттарға деген сенімсіздікті күшейтті, сонымен бірге жеке тұлғаны қаржылық өмірдің жағымсыз әсерінен қорғай алатын коммерциялық банктер мен жеке қаржы ұйымдарына мистикалық құрмет пайда болды.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2024 жылдың қаңтар-қараша айлары аралығында алаяқтық әрекеттермен және инвесторлардан қаражат тартумен байланысты қаржылық қылмыстар санының 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 24,8% - ға қысқарғаны байқалды. Нәтижесінде көрсетілген уақыт аралығында 127 жағдай тіркелді.

Сонымен қатар, зардап шеккендердің саны екі есеге азайды - 1200-ден 625 адамға дейін. Алайда, ресми статистикада зардап шеккендер полицияға мәлімдеген жағдайлар ғана тіркелгенін ескерген жөн.

2023 жылдан бастап бүгінгі күнге дейінгі кезеңде ҚСЖАЕК деректеріне сәйкес, елде 51 млрд теңгеден астам сомаға материалдық залал келтірілген 30 мыңнан астам азамат қаржы пирамидаларының құрбаны болды. Интерполдың мәліметінше, 2023 жылы әлемнің 108 елінде қаржы пирамидаларына байланысты 1,5 мыңнан астам қылмыс тіркелген. Сонымен қатар, "Ponzi Scheme Tracker" компаниясының есебіне сәйкес, 2019 жылдан 2024 жылға дейін әлемнің 130 елінде 2,5 мыңнан астам қаржы пирамидалары анықталды, бұл 24 миллиард доллардан астам шығынға әкелді.

Жоғарыда келтірілген статистика қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимылдың тиісті тетігі мен шараларының жоқтығын көрсетеді, бұл қоғамға және жалпы экономикаға айтарлықтай пайда әкелетін өзекті және маңызды тақырып болып табылады.

Қаржы пирамидаларымен байланысты қауіп деңгейі көптеген факторларға, соның ішінде мөлшеріне, ұзақтығына, қатысушылардың санына, салынған активтердің түрлеріне және Үкіметтің немесе басқа институттардың қолдауына байланысты. Жалпы, пирамидаға неғұрлым көп қатысушылар мен ақша салынса, соғұрлым ықтимал зиян келуі мүмкін.

Қаржы пирамидалары жалпы экономикаға теріс әсер етуі мүмкін, өйткені олар басқа, өнімді мақсаттарға жұмсалуды мүмкін инвестицияларды тартады. Сонымен қатар, пирамидалар құлаған кезде, олар тұтастай алғанда қаржы жүйесіне деген сенімнің күрт төмендеуіне әкелуі мүмкін, бұл экономика үшін ұзақ мерзімді жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін.

Көптеген жағдайларда қаржылық пирамидаларды құру Қазақстанда да, шетелде де алаяқтық үшін жауапкершілікті талап етеді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 159-бабына сәйкес, алаяқтық дегеніміз-біреудің мүлкін ұрлау немесе алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы басқа біреудің мүлкіне құқық алу. Бүгінгі күні қазақстандық заң шығарушы алаяқтықтың бір құрамын тұжырымдаумен шектелмейді, бірақ оны жасалуы мүмкін қызмет салаларына байланысты егжей-тегжейлі сипаттайды. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (бұдан әрі – ҚРҚК) алаяқтық туралы арнайы қылмыстық-құқықтық нормалармен толықтырылды.

Қорытындылай келе, қаржы пирамидаларының біліктілік мәселелері – құқықтық, экономикалық және әлеуметтік аспектілерді қамтитын кешенді проблема. Оны тиімді шешу үшін заңнаманы жетілдірумен қатар, алдын алу шараларын күшейту және цифрлық бақылау құралдарын енгізу қажет. Бұл өз кезегінде қаржы нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етуге және азаматтардың құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлттық Құрылтай», Қызылорда, 2026 ж.
https://www.ktk.kz/kz/news/video/2026/01/20/299240/?utm_source
2. Финансовые пирамиды в Казахстане. 180 уголовных дел за последние три года
<https://informburo.kz/stati/finansovye-piramidy-v-kazahstane-180-ugolovnyh-del-za-poslednie-tri-goda.html>
3. Закон №474 «О государственном регулировании, контроле и надзоре финансового рынка и финансовых организаций» от 04 июля 2003 года. [Электронный ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz> (дата обращения 20.09.2024).
4. Законодательные меры противодействия деятельности финансовых пирамид в Республике Казахстан. Режим доступа (<http://prokuror.gov.kz>). Дата обращения: 12.05.2019.